

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
07.09.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 07.09.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Бұл мәселе бойынша да сөз Қазақстан Республикасының Әділет министрі Мусин Қанат Сергейұлына беріледі.

МУСИН Қ.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң жобасы Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын іске асыру үшін әзірленді.

Заң жобасының мақсаты адам және азамат құқықтарын іске асырудың кепілі ретінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесін бекіту бөлігінде Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістерді іске асыру болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормаларымен Уәкілдің қызметінің міндеттері, тәуелсіздігі мен өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың алдында есеп бермеуінің кепілдіктері бекітілді. Бұдан былай Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен оның қызметін ұйымдастыру конституциялық заңмен айқындалады.

Уәкіл туралы қолданыстағы заң салыстырмалы түрде жақында, өткен жылдың 29 желтоқсанында қабылданғанын атап өткен жөн. Заңда Уәкілдің қызметі туралы негізгі ережелер бекітілді.

Осыған байланысты Парламент Мәжілісіне енгізілген Уәкіл туралы Конституциялық заң жобасы қолданыстағы ережелер негізінде нақты толықтырулармен және заңның құрылымын қайта қарау негізінде әзірленді.

Жалпы аталған конституциялық заң жобасы 6 тараудан және 23 баптан тұрады.

Заң жобасы Уәкіл қызметінің мақсаттары мен міндеттерін, оның құқықтық жағдайы мен құзыретін ашады.

Уәкілдің, оның облыстардағы өкілдерінің және Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың қызметін ұйымдастыруға байланысты ережелер көзделген.

Қолданыстағы заңда көзделмеген негізгі жаңа ережелерге толығырақ тоқталғым келеді. Жаңа ережелерді екі топқа бөлуге болады:

біріншісі – Уәкілдің құзыреттілігін күшейту;

екіншісі – оның қызметін ұйымдастырудың тиімділігін арттыру.

Уәкілдің құзыретін күшейту бөлігінде:

біріншіден, Конституция нормаларын іске асыру мақсатында заң жобасында Уәкілдің адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі мәселесі бойынша Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы көзделген.

Екіншіден, басқа мемлекеттердің шақыруы бойынша адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына байқаушы ретінде әрекет ету құқығын беру ұсынылады.

Үшіншіден, Уәкілдің құзыретін күшейту мақсатында оның арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарға және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне кедергісіз бару құқығы бекітіледі.

Уәкілдің қызметін ұйымдастырудың тиімділігін арттыру бөлігінде заң жобасында адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталық басшысының орынбасары лауазымын енгізу, сондай-ақ Ұлттық орталықтың қосымша функциялары белгіленеді.

Конституциялық заң жобасын қабылдау Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі, оған республика Конституциясымен жүктелген өкілеттіктерді іске асыру үшін құқықтық негіздер жасайды деп пайымдаймыз.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндамашыға сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Саиров Ерлан Бияхметұлы.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Әділет министріне және Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың өкіліне арналған.

Құрметті Қанат Сергейұлы! Құрметті Эльвира Әбілқасымқызы! Уәкіл қызметінің халықаралық тәжірибесі адам және адам құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру бойынша медиацияның кең таралуымен жоғары тиімді екендігін көрсетеді. Ал заң жобасында Уәкілдің қызметіне байланысты шектеулерге ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысудың заңсыздығы туралы норма жатқызылған. Осы орайда әзірлеушілер мен Уәкілге сұрақ қойғым келеді.

Сіздер бұл норма Уәкілдің дау-дамай шешу жөніндегі медиаторлық қызметінің өзін заңсыз әрекет санатына жатқызады деп ойламайсыздар ма? Ал егер олай болса, бұл заңның әділеттілік логикасына сәйкес келмейді. Рақмет.

МУСИН Қ.С. Сұрағыңызға рақмет.

Уәкілдің жұмысы – азаматтардың құқықтарын қорғау. Азаматтардың құқықтарын қорғау ретінде медиацияға қатысу құқығы бар. Медиация дегенді білдіреді. Бұл жерде Уәкіл заңсыз әрекетке қатыспайды. Мысалы, ереуіл болса, дау болса, ол даулардың тараптарына қосылмайды. Сол тараптардың басын қосу, татуластыру ол заңды жұмыс. Сондықтан бұл жұмыстың ешқандай заңға қайшы болмайды деп санаймын.

ТӨРАҒА. Эльвира Әбілқасымқызы.

ӘЗІМОВА Э.Ә. Ерлан Бияхметұлы, сұрағыңыз орынды.

Қазіргі уақытта Венециандық принциптерге және Париж принциптеріне сәйкес осындай медиативтік жұмысты өткізу негізінде уәкілдің жұмысында пайдаланатын құралдардың бірі. Қанат Сергейұлы айтып кеткендей, бұл қатысушылардың арасында болу емес, негізінде осы дауды шешу мақсатында осындай медиативтік түрде қоғамдық диалогқа қатысу. Сондықтан жұмыс тобында осы норманы түзету бойынша негізгі сұрақты шешуді орынды деп санаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Саировтың микрофонын қосыңыздар.

САИРОВ Е.Б. Осы норманы өзгертеміз бе, жоқ па? Өйткені бұл мәселені халық сұрап отыр. Мен дәл қазір нақты жауап алған жоқпын.

ӘЗІМОВА Э.Ә. Бұл негізі өзіңізге байланысты. Сіз бұл сұрақты дауысқа шығарасыз. Мен негізі қолдаймын.

ТӨРАҒА. Министр қолдай ма?

МУСИН Қ.С. Бұл норманы, әрине, анықтап, қайта жұмыс тобының отырыстарында қарауға болады. Сіздің сұрағыңыз өте маңызды. Бұны нақты түрде түзетіп, шығаруға болады.

ТӨРАҒА. Сонда екінші оқылымға дейін тиісті комитет осы мәселені пысықтауы қажет. Депутат Саиров, сіз өз ұсынысыңызды беріңіз. Сол жерден шешімді бізге бекітуге шығарасыздар.

Депутат Бойчин Анатолий Васильевич.

БОЙЧИН А.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Министерства финансов.

Настоящий законопроект содержит нормы по развитию института представительства Уполномоченного по правам человека в регионах. Это очень важно, так как большинство нарушений прав человека происходит именно на местах.

В международных пактах о статусе национальных правозащитных учреждений указывается на необходимость достаточного финансового и инфраструктурного обеспечения деятельности Уполномоченного по правам человека.

К сожалению, практика показала, что за восемь месяцев реализации действующего закона, на местах не открыто ни одного представительства из-за проблем с финансированием.

В связи с этим у меня вопрос. Как вы относитесь к тому, чтобы в новом конституционном законе был предусмотрен особый порядок финансирования

Уполномоченного по правам человека и его представительств, обеспечивающий выполнение Парижских и Венецианских принципов по аналогии с судами, что обеспечивало бы финансовую независимость его от государственных структур? Спасибо.

ТЕМІРБЕКОВ Д.Ә. Спасибо, Ерлан Жаканович, Анатолий Васильевич.

Что касается финансирования региональных представительств, все расходы были предусмотрены при уточнении республиканского бюджета этого года. Открытие финансирования предусматривалось с 1 июля. Также хотел бы отметить, что дальнейшее финансирование, то есть все расходы, которые были заявлены на 2023 – 2025 годы, было поддержано в полном объеме, предусмотрено в республиканском бюджете на 2023 – 2025 годы.

Касательно особого порядка финансирования. В целом такого рода особые порядки противоречат основному принципу бюджетной политики, как единство. Тем не менее в реализацию Послания государства Правительством будет проведена работа по переходу от управления бюджетом к управлению результатами, будут внедрены элементы блочного бюджета, будет повышена ответственность. В целом порядок планирования выделения будет пересмотрен по всем государственным органам.

ТӨРАҒА. Депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызы.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қанат Сергейұлы! Талқылаудағы заң жобасында «Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің заңды қызметіне араласу не кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді» деген норма көзделген.

Бұл ретте Уәкілдің жергілікті жерлердегі өкілдерінің немесе Ұлттық орталықтың заңды қызметіне араласқаны не кедергі келтіргені үшін жауаптылық заң жобасында қаралмаған.

Сондықтан депутаттардың Уәкілдің жергілікті жерлердегі өкілдіктерінің қызметіне кедергі келтіргені үшін жауаптылық белгілеу туралы ұсынысқа Сіздің ұстанымыңыз қандай? Рақмет.

МУСИН Қ.С. Рақмет, Жанат Әнуарбекқызы.

Бұл мәселені қарауға болады. Бірақ, менің ойымша, Уәкіл мен оның өкілдерін бір деңгейге қоюға негіз жоқ шығар. Өйткені Уәкілдің мәртебесі, оның құқығы, оның істеп жатқан жұмыстары өкілдерден биік шығар. Бірақ бұл қойылған мәселе орынды, оны жұмыс тобының жұмысы барысында көруге болады.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Депутат Магеррамов Магеррам Мамедович.

МАГЕРРАМОВ М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

У меня вопрос к Уполномоченному по правам человека Азимовой Эльвире Абилхасимовне.

В соответствии с принципами, изложенными в законопроекте, деятельность Уполномоченного должна основываться на законности, открытости, прозрачности и так далее, а между тем ежегодный доклад о Вашей

деятельности или специальные доклады становятся предметом рассмотрения только Президента или соответствующего государственного органа. Да, доклады размещаются на интернет-ресурсах, но они очень объемны и тяжелы для понимания наших граждан.

Члены рабочей группы выразили мнение о целесообразности заслушивания и обсуждения ежегодного доклада Уполномоченного в Сенате Парламента с широким освещением в СМИ и социальных сетях.

Мы считаем, что это будет способствовать как развитию механизма парламентского и общественного мониторинга, так и популяризации деятельности Уполномоченного.

Какова Ваша позиция относительно этого предложения?

ТӨРАҒА. Включите микрофон госпожи Азимовой.

ӘЗІМОВА Э.Ә. Уважаемый Магеррам Мамедович! Ваше предложение обсуждалось в рамках рабочей группы. На самом деле оно полностью соответствует международной практике. Доклады Уполномоченного широко обсуждаются не только через социальную сеть, но и выносятся на обсуждение в комитетах Парламента. Поэтому я считаю, что это возможно и нужно сделать.

Более того, мы такую практику сейчас проводим в отношении консолидированного доклада, который готовится участниками национального превентивного механизма по предупреждению пыток и жестокого обращения. Мы выносим на обсуждение в регионах вместе с акиматами и территориальными органами. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Қанат Сергейұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей тапсырмасы бойынша әзірленді.

Уәкілдің қызметі ондаған жылдар бойы мемлекеттің сыртқы саясатының формалды және имидждік бөлігі болып есептелгені ешкімге жасырын емес.

Аталған заң жобасы оны адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі күнделікті өміріміздің бір бөлігі болып саналады. Өйткені бір жағынан уәкіл институтының құқықтық жағдайы мен қызметінің кепілдіктері оның тәуелсіздігін және барлық деңгейдегі атқарушы биліктің есеп бермейтіндігін қамтамасыз етеді. Сайлау мен лауазымнан босатуды Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты жүргізеді.

Уәкіл барлық деңгейдегі сот инстанцияларына, соның ішінде Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Ал екінші жағынан заң жобасында елдің барлық облыстарында уәкілдің өкілдіктерін ашу бойынша міндеттеме белгіленеді. Осылайша азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын

қалпына келтіру жөніндегі өтініштері үшін барынша қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура өкілдерінің, Сыртқы істер, Ішкі істер, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктері мен басқа да мемлекеттік органдар өкілдерінің, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен заң жобасының таныстырылымы және жұмыс тобының бес отырысы өткізілді.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды.

Жұмыс тобының отырыстары барысында Мәжіліс депутаттары заң жобаларының ережелерін жетілдіретін және олардың редакциясын жақсартатын бірқатар түзетулер ұсынды.

Атқарылған жұмыстар мен жалпы отырыстағы талқылауларды ескере отырып, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заңның жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ирина Сергеевна.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Рахымжанов Әмірхан Мұратбекұлына беріледі.

РАХЫМЖАНОВ Ә.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Талқыланып отырған заң жобасының өзектілігі айқын, өйткені ол ең алдымен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелерін қозғайды.

Аталған заң жобасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесін нығайту мен мемлекеттің құқық қорғау институттарын күшейту бөлігінде заңнамалық деңгейде нақты айқындау жолымен Конституцияға енгізілген өзгерістерді жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

Омбудсмен институтын одан әрі дамытудың негізгі мақсаты – тәуелсіз құқық қорғау институтын қалыптастыру. Ол адам құқықтары саласындағы бастамаларды ілгерілетуді және азаматтық қоғам мен Үкімет арасында осы мәселелер бойынша сындарлы диалог орнатуда, адам құқықтары саласындағы заңнама мен тәжірибені жақсарту бойынша тәуелсіз бағалау мен жүйелі ұсыныс әзірлеуде, үкіметтік емес секторға қолдау көрсету үшін тиімді құрал болады.

Конституциялық заң жобасын қабылдау Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін, оған Конституциямен жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асыру үшін құқықтық негіздерді құруға, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау кепілдіктерін және елдегі заңдылық режимін нығайтуға, адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, осы заңның қабылдануы Конституциямен кепілдік берілген адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған демократиялық үдерістердің дамуын күшейтуге, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Тиісінше Қазақстан халықаралық кеңістіктерде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүддесіне заңдылық, объективтілік және әділдік, ашықтық, сондай-ақ тәуелсіздік, жауапкершілік және бейтараптылық қағидаттарын сақтаудағы өзінің дәйекті дамуын растайды.

Сондықтан әріптестерімді аталған заң жобасын бірінші оқылымда қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысқа дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.



*Дүрсін: Құжатпен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Шайғынбаева.*